

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
«БЕРЕЛ» МЕМЛЕКЕТТЕК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ»

«БЕКІТЕМІН»

«Берел» мемлекеттік
тарихи-мәдени
музей-қорығы» РМҚК
директорының м.а.
Сарбасов А.Т.

«24» мамыр 2023 жыл



«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ережесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Занының 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Зан).

2. Осы Ереже «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындайды.

3. «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы Ережені бекітеді.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Ереже «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚК ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

5. Осы Ережеде мынадай негізгі үғымдар пайдаланылады:

1) **сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс** – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заннамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) **сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) **мұдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындауда алып келуі мүмкін;

4) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

6. «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚК негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындастын күрылымдық бөлімшесі немесе жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындастын жауапты тұлға мұдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшени немесе жауапты тұлғаны «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басшысы айқындаиды.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ аткаруышы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ-ның директорына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

11. Егер Заңмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басшысы бекітеді.

2-тaraу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері: -

1) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-корығындағы» РМҚҚ сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

14. «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-корығындағы» РМҚҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-корығындағы» РМҚҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарының ішкі саясаты;

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-корығындағы» РМҚҚ қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-корығындағы» РМҚҚ мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-корығындағы» РМҚҚ қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзу фактілері

немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

2) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты акпарат жинауды, өндөуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізіletтін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауга қатысады;

5) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

6) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыretі шенберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға

төңестірілген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактаудың қамтамасыз етеді;

11) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ күрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындаудың мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мұдделер қактығысын, оның ішінде «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағына» РМҚҚ жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процесстер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

16) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ күрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ күрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің акпаратын тыңдайды;

19) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

20) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер үтпейтін және мұдделер қактығысының туындаудың әкеп соқпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-

қорығындағы» РМҚҚ, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-кимыл жасайды;

16. «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басшысы сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйакы мөлшерін және еңбекке ақы төлеудің шарттарын айқындейді.

17. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

18. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басшысының шешімімен сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және енбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

19. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен немесе сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындастын құжаттармен айқындалады және оларды «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басшысы бекітеді.

20. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басшысына ұсыныс береді.

21. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басқа құрылымдық бөлімшелеріне, сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствоға бағынысты үйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

22. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шенберінде:

1) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басшысына немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басшысы мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шенберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ қызметкерлерінің квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шарапардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

24. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялышының сақтайды;

2) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың

бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

3) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басшысын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

25. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұксан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұксан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мүдделер қактығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

26. «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚҚ басшылығы:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен косымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

27. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚК құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

28. «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚК құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіне келесідей жәрдемдеседі:

- 1) осы ереженің 14-тармағы 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;
- 2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;
- 3) туындаитын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

29. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚК қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жібереді.

30. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚК басшысына мерзімді түрде есеп береді.

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығындағы» РМҚК басшысы тарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.